**"Жергілікті атқарушы органдар ұсынған әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне паспорттау (түгендеу) және бейімдеу жүргізу бойынша әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 4 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 400 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 қазанда № 29962 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жергілікті атқарушы органдар ұсынған әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне паспорттау (түгендеу) және бейімдеу жүргізу бойынша әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 4 шілдедегі № 355 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18994 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрыққа қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Е.Д. Оспановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі* *Т. Дуйсенова*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2022 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 400 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2019 жылғы 4 шілдедегі
№ 355 бұйрығына қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

**Жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне паспорттау (түгендеу) және бейімдеу жүргізу бойынша жұмысы туралы мәліметтер**

Мәліметтер қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті

Әкімшілік деректер нысаны

https://www.gov.kz/memleket/entities/lspm/documents/1?lang=ru интернет-ресурсында орналасқан

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне паспорттау (түгендеу) және бейімдеу жүргізу бойынша жұмысы туралы мәліметтер

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 1-ПАСТИ

Кезеңділік: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы ______ тоқсан

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органы.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне қарай

| Өңірдің атауы | 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап 20___ жылғы ___ __________ дейін барлығы өсу ретімен | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | | | | | | |
| | ӘАОЖ (Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші) бойынша орналасқан жерінің коды | Әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілерінің жалпы саны | паспорттау (түгендеу) | | бейімдеу | | Әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілерінің жалпы санынан мүгедектер үшін қолжетімділікпен қамтамасыз етілген объектілердің үлесі, % ((5баған-6баған.)+ 7баған.) / 5бағанға.* 100 |
| | | | оның ішінде паспорттауға жататын | оның ішінде паспортталған | оның ішінде бейімдеуге жататын | оның ішінде бейімделген | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

| 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап 20__ жылғы_ дейін барлығы өсу ретімен | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| мемлекеттік басқару | | | | денсаулық сақтау | | | |
| паспорттау (түгендеу) | | бейімдеу | | паспорттау (түгендеу) | | бейімдеу | |
| оның ішінде паспорттауға | оның ішінде паспортталған | оның ішінде бейімдеуге жататын | оның ішінде бейімделген | оның ішінде паспорттауға жататын | оның ішінде паспортталған | оның ішінде бейімдеуге жататын | оның ішінде |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| жататын | | | | | | | бейімделген |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| халықты әлеуметтік қорғау | | | | білім беру | | | | сайлау учаскелері | |
| паспорттау (түгендеу) | | бейімдеу | | паспорттау (түгендеу) | | бейімдеу | | паспорттау (түгендеу) | |
| оның ішінде паспорттауға жататын | оның ішінде паспортталған | оның ішінде бейімдеуге жататын | оның ішінде бейімделген | оның ішінде паспорттауға жататын | оның ішінде паспортталған | оның ішінде бейімдеуге жататын | оның ішінде бейімделген | оның ішінде паспорттауға жататын | оның ішінде паспортталған |
| 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |
| сайлау учаскелері | | мәдениет | | | | дене шынықтыру және спорт | | | |
| бейімдеу | | паспорттау (түгендеу) | | бейімдеу | | паспорттау (түгендеу) | | бейімдеу | |
| оның ішінде бейімдеуге жат | оның ішінде бейімделген | оның ішінде паспорттауға жататын | оның ішіндегі паспортталған | оның ішінде бейімдеуге жататын | оның ішінде бейімделген | оның ішінде паспорттауға жататын | оның ішінде паспортталған | оның ішінде бейімдеуге жататын | оның ішінде бейім |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| атын | | | | | | | | | делген |
| 27 | 28 | 29 | 30 | 31 | 32 | 33 | 34 | 35 | 36 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| көліктік қызмет көрсету | | | | басқа | | | |
| паспорттау (түгендеу) | | бейімдеу | | паспорттау (түгендеу | | бейімдеу | |
| оның ішінде паспорттауға жататын | оның ішінде паспортталған | оның ішінде бейімдеуге жататын | оның ішінде бейімделген | оның ішінде паспорттауға жататын | оның ішінде паспортталған | оның ішінде бейімдеуге жататын | оның ішінде бейімделген |
| 37 | 38 | 39 | 40 | 41 | 42 | 43 | 44 |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 20_ жылға (ағымдағы жылға) объектілерді паспорттау мен бейімдеу жоспары | | | | | | | | | | |
| паспорттау ( түгендеу | | бейімдеу | | | | | | | Көрсетілген кезеңде бейімдеуге жоспарланған объектілердің ішінен бейімделгендерінің үлесі, % 54баған / 50 бағанға* 100 | |
| | | бейімдеуге жататын | | | | оның ішінде бейімделгендер | | | | |
| оның ішінде паспорттауға жатат | оның ішінде паспортталған | нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы | жергілікті бюджет шеңберінде | субъектілер есебінен | БАРЛЫҒЫ | нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы | жергілікті бюджет шеңберінде | субъектілер есебінен | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| а т ы н | | | | | | | | | БАРЛЫҒЫ | |
| 45 | 46 | 47 | 48 | 49 | 50 | 51 | 52 | 53 | 54 | 55 |

Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ____________________
(қолы)
Күні 20__ жылғы "__" ____________

*Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

"Жергілікті атқарушы органдар ұсынған әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне паспорттау (түгендеу) және бейімдеу жұмысы туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

**"Жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне паспорттау (түгендеу) және бейімдеу жүргізу бойынша жұмысы туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме (1-ПАСТИ, тоқсан сайын)**

1. Осы түсіндірме жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне паспорттау (түгендеу) және бейімдеу жүргізу бойынша жұмысы туралы есептің нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай ұсынымды қамтиды.

2. Осы нысанды жүргізудің негізгі міндеті жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне паспорттау (түгендеу) және бейімдеу жүргізу бойынша жұмысына мониторингті жүзеге асыру болып табылады.

3. "Жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне паспорттау (түгендеу) және бейімдеу жүргізу бойынша жұмысы бойынша мәліметтер" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органы (бұдан әрі – облыстық басқарма, қалалық басқарма) толтырады және тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне қарай Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетіне ұсынады.

4. Нысан есепті кезеңнен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша деректер негізінде жасалады.

5. Нысанға облыстық басқарманың, қалалық басқарманың бірінші басшысы, ал ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

6. Нысанның 1-бағанында өңірдің атауы көрсетіледі.

7. Нысанның 2-бағанында ӘАОЖ (Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші) бойынша орналасқан жерінің коды.

8. Нысанның 3-бағанында әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілерінің жалпы саны көрсетіледі.

9. Нысанның 4-бағанында паспорттауға (түгендеуге) жататын объектілердің жалпы саны көрсетіледі.

10. Нысанның 5-бағанында паспорттау (түгендеу) жүргізілген объектілердің жалпы саны көрсетіледі.

11. Нысанның 6-бағанында бейімдеуге жататын объектілердің жалпы саны көрсетіледі.

12. Нысанның 7-бағанында бейімдеу жүргізілген объектілердің жалпы саны көрсетіледі.

13. Нысанның 8-бағанында әлеуметтік және көлік инфрақұрылымының паспортталған объектілерінің жалпы санынан мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділік қамтамасыз етілген объектілердің үлесі көрсетіледі, % (5-баған – 6-баған )+7-баған) /5-бағанға*100.

14. Нысанның 9-бағанында мемлекеттік басқару саласындағы паспорттауға ( түгендеуге) жататын объектілердің саны көрсетіледі.

15. Нысанның 10-бағанында мемлекеттік басқару саласындағы паспорттау ( түгендеу) жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

16. Нысанның 11-бағанында мемлекеттік басқару саласындағы бейімдеуге жататын объектілердің саны көрсетіледі.

17. Нысанның 12-бағанында мемлекеттік басқару саласындағы бейімдеу жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

18. Нысанның 13-бағанында денсаулық сақтау саласындағы паспорттауға ( түгендеуге) жататын объектілердің саны көрсетіледі.

19. Нысанның 14-бағанында денсаулық сақтау саласындағы паспорттау (түгендеу) жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

20. Нысанның 15-бағанында денсаулық сақтау саласындағы бейімдеуге жататын объектілердің саны көрсетіледі.

21. Нысанның 16-бағанында денсаулық сақтау саласындағы бейімдеу жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

22. Нысанның 17-бағанында халықты әлеуметтік қорғау саласындағы паспорттауға (түгендеуге) жататын объектілердің саны көрсетіледі.

23. Нысанның 18-бағанында халықты әлеуметтік қорғау саласындағы паспорттау ( түгендеу) жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

24. Нысанның 19-бағанында халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бейімдеуге жататын объектілердің саны көрсетіледі.

25. Нысанның 20-бағанында халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бейімдеу жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

26. Нысанның 21-бағанында білім беру саласындағы паспорттауға (түгендеуге) жататын объектілердің саны көрсетіледі.

27. Нысанның 22-бағанында білім беру саласындағы паспорттау (түгендеу) жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

28. Нысанның 23-бағанында білім беру саласындағы бейімдеуге жататын объектілердің саны көрсетіледі.

29. Нысанның 24-бағанында білім беру саласындағы бейімдеу жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

30. Нысанның 25-бағанында сайлау учаскелері саласындағы паспорттауға ( түгендеуге) жататын объектілердің саны көрсетіледі.

31. Нысанның 26-бағанында сайлау учаскелері саласындағы паспорттау (түгендеу) жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

32. Нысанның 27-бағанында сайлау учаскелері саласындағы бейімдеуге жататын объектілердің саны көрсетіледі.

33. Нысанның 28-бағанында сайлау учаскелері саласындағы бейімдеу жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

34. Нысанның 29-бағанында мәдениет саласындағы паспорттауға (түгендеуге) жататын объектілердің саны көрсетіледі.

35. Нысанның 30-бағанында мәдениет саласындағы паспорттау (түгендеу) жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

36. Нысанның 31-бағанында мәдениет саласындағы бейімдеуге жататын объектілердің саны көрсетіледі.

37. Нысанның 32-бағанында мәдениет саласындағы бейімдеу жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

38. Нысанның 33-бағанында дене шынықтыру және спорт саласындағы паспорттауға (түгендеуге) жататын объектілердің саны көрсетіледі.

39. Нысанның 34-бағанында дене шынықтыру және спорт саласындағы паспорттау ( түгендеу) жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

40. Нысанның 35-бағанында дене шынықтыру және спорт саласындағы бейімдеуге жататын объектілердің саны көрсетіледі.

41. Нысанның 36-бағанында дене шынықтыру және спорт саласындағы бейімдеу жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

42. Нысанның 37-бағанында көліктік қызмет көрсету саласындағы паспорттауға ( түгендеуге) жататын объектілердің саны көрсетіледі.

43. Нысанның 38-бағанында көліктік қызмет көрсету саласындағы паспорттау ( түгендеу) жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

44. Нысанның 39-бағанында көліктік қызмет көрсету саласындағы бейімдеуге жататын объектілердің саны көрсетіледі.

45. Нысанның 40-бағанында көліктік қызмет көрсету саласындағы бейімдеу жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

46. Нысанның 41-бағанында басқа да салалардағы паспорттауға (түгендеуге) жататын объектілердің саны көрсетіледі.

47. Нысанның 42-бағанында басқа да салалардағы паспорттау (түгендеу) жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

48. Нысанның 43-бағанында басқа да салалардағы бейімдеуге жататын объектілердің саны көрсетіледі.

49. Нысанның 44-бағанында басқа да салалардағы бейімдеу жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

50. Нысанның 45-55-бағандарында ағымдағы жылға паспорттау (түгендеу) мен бейімдеуге жоспарланған объектілердің саны көрсетіледі.

51. Нысанның 45-бағанында паспорттауға (түгендеуге) жататын объектілердің саны көрсетіледі.

52. Нысанның 46-бағанында паспорттау (түгендеу) жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

53. Нысанның 47-бағанында нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша бейімдеуге жататын объектілердің саны көрсетіледі.

54. Нысанның 48-бағанында жергілікті бюджет есебінен бейімдеуге жататын объектілердің саны көрсетіледі.

55. Нысанның 49-бағанында субъектінің есебінен бейімдеуге жататын объектілердің саны көрсетіледі.

56. Нысанның 50-бағанында бейімдеуге жататын объектілердің жалпы саны көрсетіледі.

57. Нысанның 51-бағанында жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша бейімдеу жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

58. Нысанның 52-бағанында жергілікті бюджет есебінен бейімдеу жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

59. Нысанның 53-бағанында субъектінің есебінен бейімдеу жүргізілген объектілердің саны көрсетіледі.

60. Нысанның 54-бағанында бейімдеу жүргізілген объектілердің жалпы саны көрсетіледі.

61. Нысанның 55-бағанында көрсетілген кезеңде бейімдеуге жоспарлаған объектілердің ішінен бейімделгендерінің үлесі көрсетіледі, %, 54-баған/50-баған*100.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК